

Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағының аумағында еркін кеден аймағын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 маусым N 708. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.08.28. N 1062 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Қазақстан Республикасының астанасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі N 2457 Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және Ақмола қаласы мен ықпал аймағын дамыту үшін абаттандыру және қолайлы жағдайлар жасауға инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағының аумағында еркін кеден аймағы құрылсын.

2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 71-бабында қарастырылған Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағы аумағына әкелінетін шетелдік тауарларға қатысты қоса беріліп отырған тізбедегі тауарлардан басқасына еркін кеден аймағының тәртібі орнатылсын.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Ақмола және Көкшетау облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен және Ұлттық Банкімен келісіп, Ақмола қаласы мен оның ықпал аумағындағы еркін кеден аймағы туралы Ережені Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне бір ай мерзімде ұсынсын.

4. Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссия Ақмола қаласы мен оның ықпал аумағында еркін кеден аймағы аумағының шекарасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне үш ай мерзімде дайындап, ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Ақмола қаласы оның ықпал аймағы аумағында Еркін кеден аймағының кеден басқармасын кеден органдарының жалпы штат саны шегінде құрсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Ақмола облысының әкімімен бірлесіп, Еркін кеден аймағының кеден басқармасына Ақмола қаласына қажетті қызмет үй-жайын

бөлу туралы мәселені шешсін.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Кеден комитетімен бірлесіп, Ақмола облысы мен оның ықпал аймағының аумақтық шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өтуіне бақылау ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
6 маусымдағы 708 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Ақмола қаласымен оның ықпал аймағының еркін кеден

аймағында кеден баж салықтары салынуы тиіс тауарлардың
ТІЗБЕСІ

1. Этил спирті
2. Арақ
3. Ликер-арақ бұйымдары
4. Күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар
5. Шараптар
6. Коньяктар
7. Шампан шараптары
8. Сыра
9. Шарап материалдары

- 10. Темекі бұйымдары
- 11. Темекісі бар өзге де бұйымдар
- 12. Оқ ату және газ қаруы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК